

Тақырыбы: Жаратылыстану және
әлеуметтік-гуманитарлық
ғылымдардағы ғылыми
революциялардың ерекшеліктері

Орындаған: Тәжіханов.Ә

Тексерген: Жакин М.С

* Жоспар:

* 1. Ғылым философиясы мен методологиясының қазақстандық мектебі(Ғ.ф.м.м.қ.м) – халықараралық ауқымда танылған отандық философия зерттеу бағыты.

* 2.Ғылым философиясы мен методологиясының қазақстандық кезеңдері

- * 1. Отандық философия мен ғылымның әдіснамасындағы ғылыми революцияны түсіну.
- * . Ғылым философиясы мен методологиясының қазақстандық мектебі(Ғ.ф. м.м.қ.м) – халықараралық ауқымда танылған отандық философия зерттеу бағыты.
- * Бұл философия мектеп өкілдерінің (Ж.М.Әбділдин, Ә.Нысанбаев, К.Рахматуллин, М.С.Орынбеков, М.Сәбитов, т.б.) еңбектерінде диалектика ойлаудың қарама-қарсылықтық, нақтылық, тарихилық, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, т.б. принциптері түбегейлі зерттелді. Олар ғылымда кез келген қозғалыс пен дамудың қайнар бастауы әрі тіршілік ету шарты – диалектика. Қарама-қарсылықтарға сүйенетін ғылыми ойлаудың жасампаздық әдебін қалыптастыру идеясын негіздеді. Бұған қоса тұтастықты өздігінен қозғалу және қажетті ішкі байланыстылық арқауларын қарастыру арқылы ақиқатқа жетудің маңызды принциптерін талдады. 1974 ж. қазіргі заманғы ғыл. танымның логикалық-методол. проблемаларын жүйелі түрде зерттеу қолға алынып, Қазақстан Ғылым Академиясының Философия институтында (қазіргі Филос. және саясаттану ин-ты) жаратылыстанудың филос. мәселелері бөлімі ашылды. Ол 1996 ж. ғылым мен техника философиясы бөлімі болып қайта құрылды. Осы кезден бастап республикада Ғ.ф.м.м.қ.м. қалыптасты. Осы мектептің ғылыми деңгейінің көтерілуіне Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғалымдары да үлес қосты.

* Ғ.ф.м.м.қ.м-нің қалыптасу тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады:

* **1-кезең** (1960–70), тұтастай алғанда ғылыми танымның логикалық-методологиялық проблемаларын диалектика тұрғысынан талдаумен байланысты болды. Философтардың осы кезеңдегі еңбектерінде (Әбділдин, Нысанбаев, «Теория құрудың диалектикалық-логикалық принциптері», 1973, Қазақстан ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атынд. 1-дәрежелі сыйл. 1974; Орынбеков, «Философиядағы және ғылымдағы субстанция мәселесі», 1975; «Осы заманғы ғылымдағы нақтылық принципінің рөлі», 1976; т. б.) 20 ғ-дың 2-жартысындағы ғылымның логикалық-гносеологиялық аспектілері мен проблемалары қарастырылды. Қазақстан философтарының бұл бағыттағы ғылыми-зерттеулері Ресей, Польша, Германия, Венгрия, Болгария, т.б. елдердің беделді ғыл. басылымдарында жарық көріп, олар ғылым философиясы мен методологиясын өркендету ісіне серпін берді әрі ғылыми- зерттеулердің философиялық-теориялық деңгейін көтеруде үлкен рөл атқарды.

* 20 ғ-дың 80-жылдарынан Ғ.ф.м.м.қ.м тарихындағы **2-кезең** басталды. Ол пәндік-практикалық қызметтің субъекті ұғымын алдыңғы шепке шығарып, ғылыми теориялардың әлеуметтік-мәдени өлшемдеріне мүдделілікті арттыруымен ерекшеленеді. Ғылыми танымның методологиялық проблемаларын жүйелі зерттеу ісіндегі әлеуметтік-мәдени және категориялық талдауларды біріктіру де осы кезеңде атқарылды. Ғылыми танымды категориялық талдау оның мәдени-тарихи сипаттамаларын ой елегінен өткізу арқылы жүзеге асты. Осы кезеңдегі қомақты мәселе – «Ғылыми танымның және әлеуметтік қызметтің логикасы ретіндегі материалистік диалектика» жетекші орынға шығып, әлеум.-мәдени ауқымда байыпталды. Мұның өзі көптеген тың идеялар мен материалдарды ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берді. Бұл бағытта қазақстандық философтардың іргелі еңбегі саналатын төрт томдық «Диалектикалық логиканың» 4-кітабы («Осы заманғы жаратылыстанудың методологиясы ретіндегі диалектикалық логика», 1985; Нысанбаев, Р.Кубанов, «Осы заманғы ғылымның әлеуметтік және этикалық проблемалары», 1988; ұжымдық еңбектер: «Ғылымның категориялық аппаратының генезисі», 1990; «Ғылымның логикалық-гносеологиялық талдауы», 1990; т.б.) жарық көрді

20 ғ-дың 90-жылдарынан бастап Ғ.ф.м.м.қ.м жұмысының қазіргі заманғы талаптарға сай **3-кезеңі** өрістеді. Бұл кезең ғылым мен техниканы таза марксистік талдау шеңберінен шығып, жаратылыстың, техникалық, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың (психология, тарих, социология, саясаттану, мәдениеттану, т.б.) философиялық-методологиялық және дүниетанымдық проблемаларын зерделей зерттеумен ерекшеленеді. Отандық философиялық мектеп бұл кезеңде пәндік-практикалық, әлеуметтік-мәдени қызметтің идеологиялық қысымынан арылған принциптеріне сүйеніп, тарихи-философия, тарихи-ғылым және тарихи-мәдени мол мұраларды пайдалана отырып, әлеуметтік және жеке тұлғалық болмысты танудың аса маңызды диалектикалық-логикалық принциптерін қорытты. Әсіресе, қарама-қарсылық, нақтылық, субъектінің белсенділігі, тарихилық принциптері дүниетанымдық, логикалық-гносеологиялық және методологиялық мәселелермен бірлікте қарастырылды. Ғылымның категориялық және ұғымдық аппаратын қалыптастырып, жетілдіру заңдылықтарын, оны дамытудың интегративтік жолдарын іздестіруге ғалымдар жете мән берді. Өркениеттің өркендеуі барысындағы ықпалды тех. сана құбылысы мен компьютерлік революцияның салдарын талдай қарастыру қолға алынады. Қазіргі кезде ғылымның бағдарлылығын зерттеуге орай ғылым методологиясы жөніндегі отандық әдебиетте бұрын-соңды зерделенбеген тың мәселелер, соның ішінде, ұлттық мәдениет, оның этн. бейнесі мен әлемдік көрінісі аясындағы проблемаларды зерделеуге талпыныс жасалуда.

Жабайхан Мүбәрәкүлы Әбділдин



Әбділдиннің ғылыми еңбектері негізінен диалектикалық логиканың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған. Соның ішінде, әсіресе, нақты ұғым, бастама мәселелерін терең зерттей отырып, олардың филос. тарихы тұрғысынан негізделген диалект. анықтамасын жасады, логикалық және гносеологиялық функцияларына сипаттама берді, қазіргі ғылым мен практикадағы логико-методологиялық рөлін айқындады

Әбдімәлік Нысанбаев



Нысанбаевтың негізгі зерттеу еңбектері диалектика және таным теориясы, ғылым философиясы мен методологиясы, қазақ және түркі философиясы, әлеум. және саяси философия, саясаттану және мәдениеттану мәселелеріне арналды. Ол ғылыми мектеп қалыптастырып, көптеген ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындады. Нысанбаев 570-тен астам ғылыми, ғылыми-сараптамалық, ғылыми-әдістемелік еңбектер, соның ішінде 30 монография, жеке кітаптар мен оқу құралдарын жазған. Бірқатар еңбектері 25 шет тілдерінде жарық көрген.